

# «Қазақстан тарихы Ежелгі сақ дәуірінен бүгінгі күнге дейін»

Тарих – болашаққа  
бағыт



# Кіріспе

Қазақстан – Еуразия құрлығындағы ең көне өркениеттер мекені. Біздің еліміздің тарихы мыңдаған жылдарға созылып, ежелгі сақ, ғұн, түркі халықтарынан бастап, бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанға дейінгі ұзақ әрі күрделі жолдан өтті. Бұл презентацияда ежелгі дәуірлерден бастап қазіргі кезеңге дейінгі басты тарихи оқиғалар мен кезеңдерге шолу жасаймыз. Қазақстан тарихын білу – ұлттың тамырын тану, ел болашағын дұрыс бағытта қалыптастырудың негізі



# Сақ дәуірі (б.з.б. VII — III ғасырлар



Сақтар — ерте темір дәуірінде Қазақстан жерін мекендеген көшпелі тайпалар. Олар батыр, еркін халық ретінде танымал болды. Әйелдер де соғысқа қатысып, "амазонкалар" атанған. Сақтар зергерлік өнерді жоғары деңгейде меңгерген. «Алтын адам» — олардың мәдениеті мен байлығын дәлелдейтін басты ескерткіш. Берел, Есік, Шілікті қорғандары – сақ дәуірінің археологиялық мұралары. Томирис – сақ тайпасының ұлы ханшайымы, қазақ жеріндегі батыр әйел бейнесінің символы. Оның есімі тарихта ерекше орын алады.



# Қаңлылар, Үйсіндер, Ғұндар



Қаңлылар — б.з.б. 2 ғасырдан б.з. 5 ғасырға дейін Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарын мекендеген көшпелі тайпа одағы. Олар Ұлы Жібек жолының бойында орналасып, Қытай мен Иранмен сауда және мәдени байланыстарды дамытты. Қаңлы мемлекеті құрылып, қалалық мәдениет өркендеді.

Үйсіндер — б.з.б. I ғасырдан бастап Жетісу мен Шу өзендері бойында өмір сүрген көшпелі және жартылай отырықшы халық. Олар Қытай деректерінде белгілі болып, ірі қалалар мен мәдени ошақтар құрды. Үйсіндер Қытаймен тығыз сауда және дипломатиялық байланыста болды.

Ғұндар — б.з.б. III ғасырда Қазақстан мен Орта Азияда пайда болған көшпелі жауынгерлер қауымы. Олар үлкен әскери күшке ие болып, Қытай мен Еуропаға дейін жорықтар жасап, тарихта маңызды рөл атқарды. Ғұндардың көшпенді мәдениеті мен әскери тактикасы кейінгі түркі халықтарына әсер етті.

# Ұлы Жібек жолы



Ұлы Жібек жолы — Еуразияны батыстан шығысқа жалғаған көне сауда жолдарының жүйесі. Бұл жол арқылы Қытай, Үндістан, Иран, Араб елдері мен Еуропа арасындағы сауда, мәдениет және діндер алмасып отырды.

Қазақстан аумағындағы рөлі: Қазақстан арқылы бірнеше маңызды керуен жолдары өтті (Тараз, Түркістан, Сайрам, Отырар, Жаркент); Қалалар мен керуен-сарайлар дамыды; Сауда арқылы жібек, алтын, дәмдеуіштер, кітаптар, идеялар, діндер тарады (буддизм, манихейлік, христиандық, ислам); Жол бойындағы тайпалар (үйсін, қаңлы, түріктер) аралық көпір рөлін атқарды



# Түркі дәуірі және Ұлы Түрік қағанаты

Түркі дәуірі (VI–IX ғ.) — Қазақстан тарихындағы жаңа кезең. Бұл уақытта алғаш рет "түрік" атауы тарихи сахнаға шықты.

Ұлы Түрік қағанаты (552–744 жж.): 552 жылы құрылған алғашқы түркі мемлекеті — Бумын қаған негізін салды; Қағанат Орта Азиядан Қытайға, Алтайдан Каспийге дейінгі ұлан-байтақ жерді қамтыды; Түркілер көшпелі әскери держава ретінде танылды.

Мәдениет пен жазу: Алғашқы түркі жазба деректері — Күлтегін, Тоныкөк жазулары (Орхон-Енисей жазуы); Орхон жазбалары — түркі тілінің, тарихының алғашқы куәсі; Түркілердің өз заңдары, діні (тәңіршілдік), дүниетанымы, руникалық жазуы қалыптасты.



## Ортағасырлар мәдениетінің көрнекті өкілдері

Ортағасырлар мәдениеті – адамзат тарихындағы ғылым, өнер, дін мен философияның даму кезеңі. Бұл дәуірде ислам өркениеті ерекше гүлденіп, білім мен ғылымның орталығы болды. Осы кезеңде өмір сүрген ұлы ғалымдардың бірі – Әл-Фараби.

Жүсіп Баласағұни — ортағасырдағы түркі халықтарының рухани-мәдени мұрасын жасаушылардың бірі. Оның «Құтты білік» еңбегі тек поэзия емес, мемлекет басқару туралы философиялық еңбек ретінде де құнды. Бұл шығарма әлемдік деңгейдегі классикалық шығармалардың қатарына жатады және қазіргі таңда да өзінің тәрбиелік, ғылыми маңызын жоғалтпаған.



# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ (1465–1847)



Жәнібек пен Керей хандар — Қазақ хандығының негізін қалаушылар. Олар XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығын құрып, қазақ халқының саяси, экономикалық және мәдени тұрғыдан дербес мемлекетке айналуына үлкен үлес қосты. Олардың қазақ халқына тигізген пайдасы мен тарихи рөлі төмендегідей. Жәнібек пен Керей — қазақ халқының тарихындағы ең маңызды тұлғалардың бірі. Олар: Тәуелсіз Қазақ мемлекетін құрды, Халықты біріктірді, Ұлттық бірегейлік пен мәдениетті сақтады



# Жәнібек пен Керейден кейінгі оқиғалар (XV-XVI ғғ.)

Қасым ханның билігі (1511–1523 жж.) Жәнібек ханның ұлы – Қасым хан билікке келді. Оның тұсында Қазақ хандығы ең күшті кезеңін бастан кешірді. Хандықтың шекарасы Жайықтан Сырдарияға дейін, оңтүстікте Ташкентке дейін ұлғайды. Қасым хан "Қасым ханның қасқа жолы" деп аталған заңдар жүйесін енгізді. Қазақ хандығы алғаш рет халықаралық деңгейде мойындалып, Мәскеу, Бухара, Осман империясымен қатынастар орнады.

Хақназар хан (1538–1580 жж.) Қазақ хандығын нығайтып, Жетісу мен Сыр бойын қайтадан қайтарып алды. Қалмақтар мен ноғайларға қарсы соғысты. Ел ішінде тұрақтылық орнатуға тырысты.



Тәуекел хан мен Есім хан кезеңі (XVI ғасырдың соңы – XVII ғасырдың басы)

**Тәуекел хан (1582–1598) Бұхара хандығына қарсы күресті күшейтті, Ташкент пен Самарқанды уақытша иеленді.**

**Есім хан (1598–1628 жж.) Одан кейін Есім хан билікке келді, ол "Есім ханның ескі жолы" деп аталатын заңдар жүйесін енгізді.**

**Есім ханның ескі жолы": Бұл заңдар бұрынғы Қасым ханның заңдарын негізге алып, ел ішіндегі тәртіпті нығайтуға бағытталды. Негізгі бағыттар: Жер дауы Жесір дауы Қанға қан (қылмысқа жаза) Руаралық қатынастар Хан мен халықтың міндеттері**



# Тәуке мен Абылай – елін қорғаған, ұрпағын ойлаған хандар

**ТӘУКЕ ХАН (1680–1718)** Жәңгір ханның ұлы, Шыңғыс ханның ұрпағы. ішіндегі бірлікті, тәртіпті күшейтуге бағытталған саясат ұстанды. Үш жүзді біріктіріп, орталық билікті күшейтті. Құқықтық жүйені реформалап, "Жеті жарғы" заңдар жинағын жасатты. Билер кеңесін құрып, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты дана билерге арқа сүйеді.

**АБЫЛАЙ ХАН (1771–1781)** Түркістанда дүниеге келген, Уәли сұлтанның ұлы, Шыңғыс ханның ұрпағы. Қазақ хандығының ең қиын, сыртқы қауіп-қатер көп уақытында елді басқарды. Елін жоңғар шапқыншылығынан қорғауда ерекше ерлік көрсетті. Батыр, саясаткер, әрі дипломат ретінде танымал болды. Абылайдың есімі қазақтың ұлт-азаттығы жолындағы күрестің символына айналды.



# Үш би және Жеті жарғы – Қазақ хандығының заңдық негіздер

Төле би — Ұлы жүздің көрнекті биі. Ол өзінің терең ойлы, әділ шешімдерімен танымал болды. Төле би руаралық дауларды әділ шешіп, ел ішіндегі татулық пен бірлікті нығайтты.

Қазыбек би — Орта жүздің биі. Оның билік ету стилі – мейірімділік пен парасаттылық. Қазыбек би қазақтардың құқықтық жүйесін жетілдіруге зор үлес қосты, ел ішінде тұрақтылық пен тыныштық орнатуға тырысты. Әйтеке би — Кіші жүздің биі. Ол халық арасындағы дау-дамайларды шешуде әділдік пен ақылдылық танытты.

Әйтеке би қазақтардың дәстүрлі құқықтық нормаларын сақтау мен дамытуға еңбек етті. Бұл үш би Тәуке хан тұсында Қазақ хандығының бірлігін сақтауда маңызды рөл атқарды. Олар «Жеті жарғы» заңдар жинағын жасауға қатысып, қазақ қоғамында әділдік пен тәртіп орнатты.



# Қазақ жерінің қос қорғаны – Қабанбай мен Наурызбай



Қабанбай батыр мен Наурызбай батыр — қазақ халқының азаттығы мен жерін қорғау жолында ерен ерлік көрсеткен XVIII ғасырдағы әйгілі батырлар. Екеуі де Абылай ханның сенімді қолбасшылары болған және жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерекше көзге түскен тарихи тұлғалар




# Абай мен Ыбырай – ұлттық ағартушылықтың негізін қалаушылар

Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсарин — қазақ халқының ағартушылық тарихындағы қос алыбы, ұлттың рухани дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар. Екеуі де ХІХ ғасырда өмір сүріп, білім мен тәрбие арқылы елдің болашағын ойлаған, ұрпаққа жол көрсеткен ұлы ағартушылар.

Абай Құнанбайұлы – қазақ руханиятының кемеңгері. Қазақ әдебиетіне жаңалық енгізді: Еуропа, орыс әдебиетінің үлгісін қазақ поэзиясына әкелді. Классикалық шығыс поэзиясын (Низами, Фирдоуси, Науаи) қазақша тануға жол ашты. «Қара сөздерінде» мәдениет, дін, білім, өнер туралы терең философиялық ойлар жазды. Халықты надандықтан арылтып, мәдени тұрғыда өрлеуге үндеді.

Ыбырай Алтынсарин – мәдени-ағартушылықтың көшбасшысы. Қазақ даласында алғашқы білім беру жүйесін қалыптастырды: Қазақша-орысша мектептер ашты. Қыз балаларға арналған мектеп ашып, сол кездегі мәдени жаңалық жасады. Қазақ жазба мәдениетін дамытты. Тіл тазалығын сақтауға мән берді. Балаларға арналған алғашқы әдеби шығармалар жазды. Еуропалық мәдениетті насихаттады: Қазақ халқын өнер-білімге баулып, мәдени ілгерілеуге үндеді. "Өнер-білім бар жұрттар" өлеңі – соның айғағы



# ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ халқы – терең тарихы, бай рухани мұрасы, еркіндікке ұмтылған сан ғасырлық күресі бар халық. Ежелгі сақтардан бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанға дейінгі жол – ұлттың бірлігі мен рухының айғағы